

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

Қабдылманап Диляра Нұржанқызы

Тақырыбы: «Түркістан қаласындағы балалар дене шынықтыру-сауықтыру
кешені»

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

6B07302 – «Құрылыс инженерия»

Алматы 2023 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті


Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған
профессор

 Д.А. Ахметов
«___» _____ 2023 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Түркістан қаласындағы балалар дене шынықтыру-
сауықтыру кешені»

6B07302 – «Құрылыс инженерия»
білім алу бағдарламасы

Орындаған

 Қабдылманап Д.Н.

Рецензент

т.ғ.д., профессор

 Бакиров К.К.
«___» _____ 2023 ж.



Ғылыми жетекші

т.ғ.м., аға-оқытушы

 Турганбаев А.П.
«___» _____ 2023 ж.

Алматы 2023 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы


6B07302 – «Құрылыс инженерия»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған

профессор

 Д.А. Ахметов
«___» _____ 2023 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Қабдылманап Диляра Нұржанқызы

Тақырыбы: «Түркістан қаласындағы балалар дене шынықтыру-сауықтыру
кешені»

Университет ректорының «23» қараша 2021 ж. №408-п - бұйрығымен
бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «10» мамыр 2021 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Түркістан
қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі – рамалық-байланысқан, көтергіш
құрылымдар: ұстын, арқалық, қабырға, аражабын тақталары, тақталы іргетас-
тұтасқұймалы, темірбетонды, сыртқы қабырға – газоблок, ферма-металл.
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау
шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның)
жылутехникалық есебі, жарықтехникалық есептеу, нұсқаны есептеу фундаменти
және салу тереңдігі, энергия тиімділігі бойынша шараларды негіздеу;
- б) Есептік-конструктивтік бөлімі: жүктемелерді жинақтау, есептеу нәтижелерін
талдау, арқалық есебі, ұстын есебі, арматураларды құрастыру;
- в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлім: жер асты жұмыстарының технологиялық
картасын құру, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыстың бас жоспары;
- г) Экономикалық бөлімі: жергілікті смета, объектілік смета, жиынтық смета;
Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 5 парақ;
2. Арқалықтың арматуралануы, спецификациялар - 1 парақ;
3. Ұстынның арматуралануы, спецификациясы – 1 парақ;
3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар – 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1. ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы, 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013 Құрылыс жылу техникасы

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

№	Бөлем	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
1	Сәулет-аналитикалық	23.01.2023г.-20.02.2023г.				
2	Есептік-конструктивтік		20.02.2023г.-26.03.2023г.			
3	Ұйымдастыру-технологиялық			27.03.2023г.-30.04.2023г.		
4	Экономикалық				01.05.2023-07.05.2023	
5	Алдын ала қорғау	08.05.2023г.-15.05.2023г.				
6	Антиплагиат	16.05.2023г.-30.05.2023г.				
7	Нормобақылау	10.05.2023г.-17.05.2023г.				
8	Сапаны бақылау	18.05.2023г.-30.05.2023г.				
9	Қорғау	01.06.2023г.-12.06.2023г.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Турганбаев А.П., т.ғ.м, аға оқытушы	20.02.23	
Есептік-конструктивтік	Турганбаев А.П., т.ғ.м, аға оқытушы	26.03.23	
Ұйымдастыру-технологиялық	Турганбаев А.П., т.ғ.м, аға оқытушы	30.04.23	
Экономикалық	Турганбаев А.П., т.ғ.м, аға оқытушы	07.05.23	
Нормобақылау	Халелова А.Қ., т.ғ.м, ассистент		
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В., т.ғ.м, аға оқытушы		

Ғылыми жетекшісі

Турганбаев А.П.

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы

Қабдылманап Д.Н.

Күні

«01» 06 2023 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыстың тақырыбы: «Түркістан қаласындағы балалар дене шынықтыру-сауықтыру кешені». Ғимаратты жобалауға арналған көлемдік жоспарлау шешімдері қоғамдық орындарға қойылатын талаптарға негізделген.

Ғимарат үш қабатты және рамалық жүйемен бекітілген. Ғимарат осьтерінің өлшемі 48,9 x 24,9 м, жалпы биіктігі - 21 м.

Дипломдық жобада сәулет-құрылыс, есептік-конструктивтік және ұйымдастырушылық-технологиялық бөлімдер бойынша инженерлік шешімдер қабылданып, экономикалық бөлімі Sana-2015 бағдарламасында жүзеге асырылды.

Сәулет-құрылыс бөлімі бойынша сыртқы қабырғаның жылу техникалық есебі, ғимаратты инженерлік жабдықтау, энергия тиімділігі есебі орындалып, антисейсмикалық шаралар сипатталады. Есептік-конструктивтік бөлім бойынша ғимарат қаңқасының темірбетон конструкциялары ЛИРА САПР 2016 кешенді бағдарламасымен есептелінді. ҚР ЕЖ EN 1992 жобалау құжаттамасына сәйкес арматуралау сызбалары орындалды. Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлімі бойынша жұмыстар көлемін анықтап, еңбек сыйымдылығы және машина-кезек санын есептелініп, жер асты жұмыстарының технологиялық картасы, құрылыс бас жоспары жасалынды.

АННОТАЦИЯ

Тема дипломной работы «Детский изкультурно-оздоровительный комплекс в городе Туркестан». В основу решения объемно-планировочного проектирования данного здания, исходят из требований к общественным местам.

Комплекс имеет три этажа и зафиксирована каркасной системой. Размеры по осям составляют 48,9 x 24,9 м , общая высота 21 м.

Утвержденные инженерные решения выполнены в архитектурно-строительных, расчетно-конструктивных и организационно-технологических разделах дипломного проекта, экономическая часть реализована по программе экономики «Sapa-2015г».

Сделаны расчеты для теплотехники наружной стены, инженерного оборудования, выполнены задачи энергоэффективности, описаны антисейсмические мероприятия . В отчете расчетно-строительного отдела железобетонных конструкции каркаса здания выполнены по комплексной программе ЛИРА САПР 2016 г. Чертежи арматуры выполнены согласно конструкторскому документу КР EN 1992. В отделе технологии и организации строительного производства и охраны труда определили объемы работ , рассчитали трудоемкость и количество машинных очередей, создали технологическую карту подземных работ, генеральный план строительства.

ABSTRACT

Diploma work was planned on topic: « Children's sports and recreation complex in the city of Turkestan ».

The basis for the solution of space-planning design of this building is based on the requirements for public places.

The complex has three floors and is fixed with a frame system. The dimensions along the axes are 48,9 x 24,9 m, the total height is 19 m.

Approved engineering solutions are made in the architectural and construction, design and organizational and technological sections of the graduation project, the economic part is implemented under the economics program "Sana-2015".

Calculations were made for the heat engineering of the outer wall, engineering equipment, energy efficiency tasks were completed, anti-seismic measures were described. In the report of the calculation and construction department, the reinforced concrete structures of the building frame were made according to the integrated program LIRA SAPR 2016. The reinforcement drawings were made in accordance with the design document EN 1992 . In the department of technology and organization of construction production and labor protection, they determined the scope of work, calculated the labor intensity and the number of machine queues, created a technological map of underground work, a general construction plan.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	10
1 Архитектуралық-аналитикалық бөлім	
1.1 Құрылыс ауданы және климаттық жағдайы	11
1.2 Архитектуралық шешімдер	12
1.3 Техничко-экономикалық көрсеткіштер	13
1.4 Негізгі топырақ қабаттары	14
1.5 Жылутехникалық және жарықтехникалық есебі	15
1.6 Ғимараттың энергиятиімділігі	16
1.7 Көлемдік-жоспарлау шешімдерінің түсіндірмесі	17
1.8 Инженерлік жүйелермен жабдықтау	18
2 Есептік-конструктивтік бөлім	
2.1 Жүктемелерді жинақтау	20
2.1.1 Тұрақты жүктемелер	21
2.1.2 Төбежабынға түсетін уақытша жүктемелер	22
2.1.3 Қар жүктемесін анықтау	23
2.1.4 Сейсмикалық жүктеме	25
2.2 Лира САПР бағдарламалық кешенінде есептеу жүргізу	25
2.2.1 Жүктемелер үйлесімі	26
2.3 Арқалықтың есебі	
2.3.1 Бойлық арматураны есептеу	31
2.3.2 Көлденең арматураны есептеу	32
2.3.3 Теориялық үзіліс орынын анықтау	35
2.3.4 Бойлық арматураны анкерлеу	33
2.4 Ұстынның есебі	
2.4.1 Екінші реттік әсерлерді тексеру	37
2.4.2 Бойлық және көлденең арматураларды анықтау	38
3 Ұйымдастыру және технологиялық бөлім	
3.1 Құрылыс алаңындағы техника қауіпсіздігі	39
3.2 Объекттік құрылыстық бас жоспарды жобалау	40
3.2.1 Құрылыс алаңындағы уақытша ғимараттар	40
3.2.2 Құрылыс алаңын сумен қамту	42
3.2.3 Құрылысты энергетикалық ресурстармен қамту	43
3.5 Технологиялық карталарды жобалау	45
3.6 Жер жұмыстары	46
3.7 Жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспарын жасау	47
4 Экономикалық бөлім	48
Қорытынды	49
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	50
Қосымшалар	
Қосымша А	56
Қосымша Б	60
Қосымша В(смета)	68

КІРІСПЕ

Дипломдық жоба студенттің оқу мерзімінде алынған білім сапасы мен қабілеттерін көрсетіп, сыналатын ең маңызды жұмыстардың бірі. Ол барлық бөлімдерді қамтып, толық нәтиже көрсетеді. Құрылыс инженериясы мамандығы күрделі әрі жауапкершілігі мол болғандықтан, аса үлкен көңіл бөлініп, қадағаланады. Жұмыс көлемі сәулеттік шешімдер, есептеулер мен құрастыруға байланысты шешімдерден, құрылыс алаңын ұйымдастыру және технологиялық картасын құрастыру сынды бөлімдерді қамтиды.

Қарастырылып отырған балалардене шынықтыру-сауықтыру кешені Түркістан қаласында орналасқан. Сейсмикалық аймақ болғандықтан антисейсмикалық іс-шаралар қарастырылып, есептеу барысында статикалық әсерлермен қатар динамикалық әсерлер де ескерілді.

Жобалау барысында қазіргі таңда өзекті бағдарламалар AutoCAD, Лира САПР, Сана-2015 қолданылды. Есептік конструктивтік бөлім толығымен еврокодтарға негізделіп, есептелді. Қазіргі көпқабатты ғимараттарға жүктемелер әсер ететін параметрлер (қатаңдық және т.б.) өзгеріп тұратын әртүрлі элементтер мен қосылымдардан құралған өте күрделі кеңістік жүйе болып табылады. Мұндай ғимараттардың барлық конструкциялары ерекше әсерлер мен жүктемелер сипаттарын ескеріп есептеуі өте қиын. Сондықтан есептерде нақты ғимарат, оның жұмысын қамтып көрсететін есептік сұлбамен ауыстырылады. Шындыққа жақын дәрежедегі есеп мақсатына, толықтығына, бастапқы мәліметтердің дұрыстығына және т.б. байланысты.

1 Архитектуралық – аналитикалық бөлім

1.1 Құрылыс ауданы және климаттық жағдайы

«Түркістан қаласындағы балалар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің» салынатын орны – Түркістан қаласы. Түркістан – Орта Азия мен Қазақстан Республикасындағы ең көне қалалардың бірі. Оңтүстік Қазақстанда Шымкент қаласынан 170 км қашықтықта орналасқан, шығысында Отырар қаласымен, батысында Жаңақорған ауданымен, солтүстігі Созақпен шектеседі. Қазіргі таңда Түркістан облысының әкімшілік орталығы болып табылады. Көптеген ескерткіштер, қасиетті орындар, ескі ғимараттарға толы қала болғандықтан Қазақстанның мәдени орталығы болып саналады.

Қаланың климаттық ерекшеліктері: жазы ыстық, құрғақ, күн ашық болады. Қысы аязды, бұлтты болып келеді. Жыл көлемінде ауа температурасы -9°C пен $+35^{\circ}\text{C}$ арасында құбылмалы және -18°C пен $+39^{\circ}\text{C}$ шамасында сирек болуы мүмкін. Ауа-райының ыстық болып тұруы 3,3 айға дейін созылады.

Қар аймағы – II мәні (ҚР ЕЖ ЕН 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім. Қар жүктемелері.» В-қосымшасы, бірінші карта)

Жел аймағы - IV (ҚР ЕЖ ЕН 1991-1-4:2003/2011 бойынша Ж-карта).

Ауданның сейсмикалық сипаттамасы - 7 балл.

Топырақтың қату тереңдігі – 0,88 м.

Кесте 1.1 – ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климотологиясы» бойынша құрылыс ауданының ауа температурасы

Климаттық аудан	IV
Абсолютті минималды температура	$41,0^{\circ}\text{C}$
Абсолютті максималды температура	$44,5^{\circ}\text{C}$
Жылдық ауа температурасы	$12,8^{\circ}\text{C}$
Жылдық салыстырмалы ылғалдылығы	54

1.2 Архитектуралық шешімдер

Жобаланып отырған балалар дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу үшін ыңғайлы орын таңдалды. Құрылыс алаңы Торекулов және Қожанов көшелерінің қиылысында орналасқан. Ғимараттың айналасында қалалық аурухана, супермаркеттер, тұрғын үйлер мен спорт алаңшасы бар. Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің осы таңдалған жерде орналасуы оның ауруханамен тығыз байланыста болуына ыңғайлы және балалар үшін қауіпсіз, барлық жағынан күзетілетін ортаны қамтамасыз етеді. Қаланың орталығында орналасқандықтан, барлық бағытта көліктер қатынайды, кез-келген ауданда тұратын балалар еш қиындықсыз кешенге келіп жаттыға алады.

Ғимараттың қасбетін әрлеу үшін балаларға жақсы көңіл-күй сыйлайтындай ашық түстермен, геометриялық пішіндермен заманға сай етіп безендірілген. Ғимарат айналасында қосымша ойын алаңшасы және жазғы уақытта жұмысқа қосылатын бассейн қарастырылған. Табиғи жарықтандыруды қамтамасыз ететін үлкен терезелер орнатылған.

Спорттық кешен үш қабаттан тұрады. Балалар үшін пайдалы және қызықты жаттығу түрлері, белсенді қозғалысты қажет ететін спорттық ойындармен қатар, шахмат, тоғызқұмалақ сынды интеллектуалды спорт ойындары үшін де барлық жағдайлар қарастырылған. Кешеннің бірінші және екінші қабаттарында әр түрлі бағыттағы жаттығу залдары, би залдары, гимнастика залдары орналасқан. Әрбір үлкен зал үшін жеке киім ауыстыру орындары, жуыну бөлмелері қарастырылған. Сауықтыру орталығы болғандықтан екі қабатта да медициналық қызметкерлерге орындар бөлінген және жаттығулармен қатар массаж жасау немесе ем қабылдау орындары қарастырылған. Үлкен холлдар және арнайы демалыс бөлмелері жаттығу арасында балалардың тынығуына ыңғайлы. Сонымен қатар әр қабатта мұғалімдерге арналған кабинеттер, асхана, техникалық жабдықтар бөлмесі бар. Ғимараттың үшінші қабатында үлкен спорттық зал бар. Биіктігі 9,6м болатын зал түрлі іс-шаралар өткізуге, баскетбол, волейбол сияқты ойындар ойнауға, жаттығуға арналған. Үшінші қабатта қосымша киім ауыстыру орындары, жуынатын бөлмелер және еркін қолданысқа берілетін бөлмелер бар. Ғимараттың екі жағында барлық қабатқа көтерілуге мүмкіндік беретін баспалдақтар орнатылған.

Негізгі көтергіш құрылым тіктөртбұрышты ғимарат болып табылады. Шетіндегі құрамалы конструкциялардан тұратын кішкентай бөліктері тек қана қабат арасында қатынау үшін қызмет етеді.

1.3 Техничко-экономикалық көрсеткіштері

Технологиялық, техникалық, көлемдік-жоспарлау шешімдері ғимараттың технико-экономикалық көрсеткіштерімен сипатталады. Осыған орай, жобаланатын объектіні салудың орындылығы туралы шешім қабылдау жобаланған параметрлер бойынша алынған көрсеткіштерге негізделеді.

Кесте 1.2 – Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің технико-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы, өлшем бірлігі	Мәні
Құрылыс алаңы, м ²	1408,92
Қабат саны	3
Қабат биіктігі, м : 1,2-ші қабаттар үшін	4,8
3-ші қабат үшін	9.6

1.2 – кестенің жалғасы

Құрылыс көлемі, м ³ : жер үстінен жер асты бөлігі	76443,36 3448,9
Ғимараттың жалпы ауданы, м ²	3640,16
Пайдалы ауданы, м ²	2594,42
Есептік ауданы, м ²	2544,0
Жалпы құрылыс жұмыстарының сметалық бағасы, мың. тг.	341066,546
Құрылыстың салу мерзімі, ай	9,7


Кесте 1.3 – Жер учаскесі бойынша технико-экономикалық көрсеткіштер

№	Атауы	Ауданы	%
1	Жобалау бойынша жер учаскесінің жалпы ауданы	2993,64	100
2	Құрылыс алаңы	1408,92	
3	Өту алаңының ауданы(көлік тұрағы)		
4	Тротуарлар мен жолдар		
5	Көгалдандыру ауданы		

1.4 Негіздегі топырақ қабаттары

Кесте 1.2 – Құрылыс алаңындағы топырақ қабаттары

Топырақ атауы	Қабат қуатым	γ , кН/м ³	γ_s , кН/м ³	γ_d , кН/м ³	W, %	W _L , %	W _p , %	I _p , %	I _L , %	e
Өсімдік қабаты	0,3					-	-	-		
құмдақ топырақ	3,0	19,11	26,56	15,0	27,5	30	23	7,0	0,64	0,77
саздақ топырақ	4,0	19,01	26,56	14,8	28,7	29	16	13, 0	0,96	0,79
құмды топырақ	7,0	20,18	26,46	16,1	22,2	-	-	0	- 0	0.61



1.1 Сурет-Геологиялық қима

1.5 Жылутехникалық және жарықтехникалық есебі

Сыртқы қоршағыш қабырғаның жылутехникалық есебі

1 қабат – D400 газ блогы. Өлшемдері 625x250x250 мм. Беріктік классы- B2.5. Кеуектілігі: тығыз. Аязға төзімділік маркасы – F-100.

2-ші қабат - цемент-әк сылағы. Сылақтың қалыңдығы - 10 мм

3 қабат – минералды мақта. Қалыңдығы - 100 мм. ТеплоKNAUF минералды мақтасының сипаттамалары: жылуөткізгіштігі- 0,037 λD Вт/мК. Ені – 610 мм, ұзындығы – 1230 мм. Материал көлемі – 0,6 м³.

4-ші қабат – қасбеттік қаптау плиталары. Материал қалыңдығы- 20 мм

Сыртқы қабырғасының қалыңдығын анықтау үшін δ_{st} , мұндағы 1-ші қабат газ блогы, 2-ші қабат - сылақ, 3 қабат – минералды мақта, 4 қабат – қасбеттік қаптау плитасы сәйкес қоршау құрылымының жылу беруге қажетті кедергісін келесі формуламен анықтайды:

$$R_0^{тр} = \frac{n(t_i - t_c)}{\Delta t^c \cdot \alpha_i} = \frac{1 \cdot (20 - (-40))}{6 \cdot 7,5} = 1,35$$

мұнда Δt^c – қалыпты температуралық айырмашылық мәні

ішкі ауа температурасы : $\Delta t = 6^\circ\text{C}$

α_i – қоршау құрылымының бөлмеге жылу беру коэффициенті. $\alpha_i = 7.5 \text{ Ккал/ч. м}^2$

n- даладағы ауа температурасының қабырғаға әсерін сипаттайтын коэффициент: $n = 1$

t_i – ішкі ауаның есептік температурасы, °C. ($t_i = 20^\circ\text{C}$)

t_c – сыртқы ауаның болжамды қысқы температурасы, °C.

R_1, R_2, R_3, R_4 -жеке қабаттардың термиялық кедергісі келесі формула бойынша анықталады:

$$R_{1,2} = \frac{\delta}{\lambda} \quad (1.1)$$

мұнда δ – қабаттың қалыңдығы, м (есептік $\delta_{\text{ст}}$, стандартты $\delta_2 = 0,02\text{м}$)
 λ – материалдың жылу өткізгіштігінің есептік коэффициенті.

$$R_1 = \frac{0,4}{0,1} = 4$$

$$R_2 = \frac{0,01}{0,35} = 0,028$$

$$R_3 = \frac{0,1}{0,037} = 2,703$$

$$R_4 = \frac{0,02}{0,08} = 0,25$$

Жылу инерциясы D , қоршау құрылымын келесідей анықтау керек формула:

$$D = R_1 \cdot S_1 + R_2 \cdot S_2 + R_3 \cdot S_3 + R_4 \cdot S_4 = \\ = 4 * 2,19 + 0,028 * 8,9 + 2,703 * 4,5 + 0,25 * 5,55 = 22,56$$

мұнда S_1, S_2 – материалдарды жылу сіңірудің есептік коэффициенттері

Қоршау құрылымының R_0 жылу беру кедергісі келесідей формула бойынша анықтаңыз:

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_i} + R_k + \frac{1}{\alpha_c} \quad (1.2)$$

α_i – қоршағыш қабырғалардың іш жағының жылу беруін сипаттайтын коэффициент

α_c – қоршау конструкцияларының қысқы ауа температурасын ескеретін коэффициенті

R_k — қоршау құрылымының термиялық кедергісі, $\text{м}^2 \cdot \text{ч} \cdot ^\circ\text{C} / \text{Ккал}$.

$$R_0 = \frac{1}{7.5} + 1.29 + \frac{1}{20} = 1.353$$

Қорытынды: $R_{\text{тр}} > R_0$, жылу есептеуі бойынша сыртқы қабырғаның қалыңдығы дұрыс таңдалған.

1.6 Ғимараттың энергия тиімділігі

Түркістан қаласының климаттық жағдайының кейінгі жылдардағы зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып келесі қорытындылар жасалды:

- жыл бойындағы шуақты күндер саны 267
- бұлтты күндер саны 63
- жаңбырлы күндері 36



1.2 Сурет – Түркістан қаласының жыл бойындағы табиғат сипаттамасы

1) Темірбетон қаңқасы ғимараттың беріктігі мен беріктігін, сондай-ақ жақсы жылу өткізгіштік қасиеттерінің арқасында жақсы жылу оқшаулауын қамтамасыз етеді.

2) Газ блоктарының қабырғалары да энергия тиімділігіне ықпал етеді. Газ блоктары жақсы жылу оқшаулауына ие, бұл жылу жоғалуын азайтады және үй ішіндегі қолайлы микроклиматты қамтамасыз етеді.

3) Ғимаратта жылуды сақтауда жылу оқшаулау маңызды рөл атқарады. Қолданылатын жылу оқшаулау қабырғалар, шатырлар және едендер арқылы жылу жоғалуын азайтуға көмектеседі, бұл жылыту мен ауаны баптау үшін энергия шығындарын азайтуға көмектеседі.

4) Қасбетті қаптау ғимараттың эстетикалық көрінісін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар энергияны тұтынуды азайтуға көмектесетін жақсартылған жылу оқшаулау және сыртқы факторлардан қорғау сияқты қосымша мүмкіндіктерге ие болуы мүмкін.

5) Орталық жылу жүйесі үй-жайларды біркелкі және тиімді жылытуды қамтамасыз етеді. Мұндай жүйе энергияны тиімдірек пайдалануға мүмкіндік береді және ғимаратта қолайлы температураны қамтамасыз етеді.

6) Екінші қабаттағы спорт залындағы жарықтандыру энергия тиімділігін ескере отырып есептелуі керек. Жарық диодты шамдар сияқты энергияны үнемдейтін жарық көздерін пайдалану ұсынылады, олар энергияны аз тұтынады және ұзақ қызмет етеді.

7) Ғимараттағы желдету жүйесі жақсы ауа айналымын қамтамасыз етуде және үй ішіндегі оңтайлы климатты сақтауда маңызды рөл атқарады.

Қалдықтардан жылуды қалпына келтіретін жылуды қалпына келтіретін энергияны үнемдейтін желдету жүйелерін пайдалану ұсынылады

осы ауаны және оны кіретін таза ауаны жылыту үшін пайдаланыңыз.

8) Қажет болған жағдайда жаңартылатын энергия көздері енгізілуі мүмкін. Мысалы, күн радиациясынан электр энергиясының бір бөлігін алу үшін ғимараттың төбесіне күн батареяларын орнатуды қарастыруға болады.

Бұл шаралардың барлығы Түркістан қаласындағы балалар дене шынықтыру-сауықтыру кешені ғимаратының энергия тиімділігін арттыруға бағытталған, бұл энергияны тұтынуды азайтады және ғимараттың экологиялық тұрақтылығына ықпал етеді.

1.7 Көлемдік-жоспарлау шешімдерінің түсіндірмесі

Балалар дене шынықтыру-сауықтыру кешені 3 қабаттан тұратын, көтергіш қаңқасы темірбетон конструкциясынан, қоршағыш және бөлгіш қабырғалары газоблоктан, төбежабын қаңқасы металлдан құралған ғимарат.

Темірбетонды тақталы іргетас келесі қатынастар арқылы жобалап қабылданды: $n_{\text{қабат}} \cdot 10\text{см} = 30\text{см}$. Бұл іргетастың минималды және базалық қалыңдығының шекті мәні. Аражабын тақтасының қалыңдығы $\frac{1}{45} = \frac{900}{45} = 20\text{см}$ қабылданды. Қабырға қалыңдығы 250 мм. Жобалы түрде ұстынның өлшемдері 400 × 400 мм қабылданды. Арқалықтарды ені есептік түрде 250 мм болып қабылданды. Сандық осьтер бойынша арқалықтардың биіктігі $\frac{1}{12} = \frac{6000}{15} =$

400 мм, әріптік осьтер бойынша $\frac{1}{12} = \frac{6000}{12} \div \frac{9000}{12} = 400 \text{ мм} \div 750 \text{ мм}$ дейін қабылдауға болады. Есептік көрсеткіштер нәтижесінде әріптік осьтер бойымен бас арқалықтар орналастырылды және олардың биіктігі 450 мм деп қабылданды.

Төбежабындағы болатты профильденген настил панель қалыңдығы-5мм.

Төбежабын құрылымы әріптік осьтер бойымен ұстынға тірелген фермалардан, тік және көлденең бағытта орналасқан байланыстардан, сандық осьтер бойымен қойылған прогондардан тұрады. Көлденең байланыстар келесі тәртіппен таңдалды: ферманың жоғарғы белдеулерінде – көлденең фермалық байланыстар тек бойлық бағытта, ферманың төменгі белдеуінде – $\frac{1}{4}$ бойынша бойлық бағытта және жабын контуры бойымен қойылды.

1.8 Инженерлік жүйелермен жабдықтау

Жобаланып отырған ғимаратқа жүргізілетін инженерлік қондырғылар:

- күнделікті өмірде қолданылатын ауыз суы және төтенше жағдайда қажетті су көлемі;

- тұрмыс қалдықтарын шығаратын кәріз жүйесі ;

- жылыту көздері және ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған қондырғылар;

- электр желісін тарту;

- байланыс (телефон) және ғаламтор құрылғыларын орнату.

Су құбыры мен канализация:

Ғимаратты сумен қамтамасыз ету үшін 105 мм диаметрлі су құбырлары тартылады. Жуынатын бөлмеге және ас бөлмесінде тазалау жұмыстарына қолданылатын сулар санитарлық талаптарға сай тартылмақ. Қолданыстағы ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында электросужылытқыш қолданылады. Балалар дене шынықтыру-сауықтыру кешені болғандықтан, ғимаратта өртке қарсы су тарту қажеттілігі бар. ҚР ЕЖ 4.01-101-2012 сәйкес жалпы білім беру орындарында және қоғамдық орандарда ғимараттың өлшемдерінен тәуелсіз түрде бір ағыс, яғни 2.5 л/с болатын су құбыры қарастырылуы тиіс. Жобадағы ғимарат үшін болат құбырлар таңдалды жіне олар бір-бірімен қарпайым бұрандалы жалғауланулар көмегімен байланысуы керек. ҚР ЕЖ 4.01-101-2012 ережелеріне сай, ішкі су құбыры жүйесінде қажетті қысымды қамтамасыз ету үшін, су құбырының ғимаратқа кірісінде қысым реттеуші қондыру қарастырылады. Оның жұмысын бақылаушы ретінде манометр орнатылады. Тәулік немесе ауысым кезеңдерінде орташа сағаттық су шығынын ескеретін санауыш таңдалады. Суық су желісінде пластмасса мен металлополимерден немесе мыстан жасалған, істен шығып қалған жағдайда оңай монтаждлатын, ғимаратты сумен толығымен қамтамасыз ете алатын құбырлар таңдалуы шарт. Балалар дене шынықтыру-сауықтыру кешені үшін диаметрі 125 мм болатын мыс және пластмасса құбырлар таңдалды. Ыстық су температурасы тұрақты түрде 75°C болуы керек. Ыстық су өтетін құбырлар жобалау кезінде басқа жайларға

кіретін жерлеріне магнитті-механикалық сүзгі орнатылады. Қоғамдық мақсаттағы орындарында орнатылатын су санауыштың жиынтығында біркелкілендірілетін шығыс белгісі бар арнайы қондырғы болуы міндет. Кәріз жүйелері үшін тоттануға төзімді және берік шойын және пластмасса құбырлар таңдалуы тиіс. Желінің төмен температурал жердегі бөліктері жылытылуы керек. Кәріз тіреуіштері 0,01 еңістікпен қойылады. Кәріз жүйесі үшін диаметрі 125 мм болатын пластмасса құбырлар таңдалды. Ғимаратқа су кірген кезде бірден сантехникалық жұмыстарды орындау үшін суды өшіруге мүмкіндік беретін клапан – құлыптау құрылғысы орнатылады. Барлық унитаздар, раковиналардан ағатын қалдық түтік дизайны – сифон болуы қажет.

Келесі кезекте кез-келген қоғамдық ғимарат үшін маңызды қажеттіліктердің бірі – электр жүйесі тартылады. Электр энергиясын алу айнымалы ток көзі көмегімен жүзеге аспақ. Құрылыс алаңы қаланың ортасында орналасқандықтан, жақын жерде тұрғын үйлер болғандықтан ток көзін табу және жүргізу аса қатты қиындық тудырмайды. Желідегі жүктеменің шамадан тыс болып кетпеуін қадағалап тұру үшін трансформатор орнату шарт. Кернеуі 220кВ болатын кең таралған трансформатор таңдалды.

Қазіргі таңда адам бір күнін де ғаламторсыз өткізе алмайтыны анық. Заманауи ғимараттардың барлығы дерлік байланыс желісімен, ғаламтор желісімен – Wi-fi жүйесімен қамтамасыз етілген. Сондықтан, міндетті түрде сауықтыру кешенінің барлық қабаттарында шексіз интернет пен жоғары сапалы байланыс желілері қойылмақ. Демалыс бөлмелерінде теледидарлар болатындықтан жлдамдығы 20-50 Мбит ғаламтор жүйесі болуы қажет. Жоғарғы қабатта жарыстар, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылатындықтан, тікелей эфирге шығу мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

2 Есептік – конструктивтік бөлім

«Түркістан қаласындағы балалардене шынықтыру-сауықтыру кешені» ғимаратының есептік схемасы – рамалық жүйе. Көтергіш конструкция бойлық және көлденең бағытта орналасқан арқалықтар мен ұстындардан, темірбетонды арқалықтық тақталардан тұрады. Төбежабынның көтергіш конструкциясы болат фермалар, прогондар, байланыстардан құралды. Жүйені сыртқы ортаның әсерінен қорғау үшін газоблокты сыртқы қабырғалармен қоршалады. Жазық темірбетон аражабындары өнеркәсіптік және азаматтық құрылымдарда кеңінен таралған. Темірбетон аражабындары конструктивтік схемасы бойынша екі негізгі топқа бөлінеді: арқалықтық, арқалықсыз. Дипломдық жобада тұтасқұймалы, контур бойымен тірелген арқалықтық аражабындар орналасқан. Бас арқалықтар бойлық бағытта, көмекші арқалықтар көлденең бағытта орналасқан. Байланыстардың орналасуы ғимараттың кеңістіктік қаттылығын және бұралуға қарсы тұру қабілетін қамтамасыз етуі керек. Рамалық жүйелерде рамалар бойлық және көлденең бағытта барлық осьтерде орналасқан, сондықтан кеңістіктік қаттылық қарапайым түрде қамтамасыз етіледі. Қаттылықты қамтамасыз ету үшін байланыстырушы фермаларды ғимараттың негізгі осіне қатысты мүмкіндігінше симметриялы түрде бойлық және көлденең бағытта орналастыру керек

2.1 Жүктемелерді жинақтау

Тақта жасау үшін С20/25 классты ауыр бетон қабылданды. Ригельдің ұзындығы көп жағдайда 6-дан 8м-ге дейін өзгереді, қиманың биіктігі келесі формулалармен анықталады:

$$h_p = \left(\frac{1}{8} \div \frac{1}{15}\right)l \quad (2.1)$$

$$b = (0.4 \div 0.5) h_p \quad (2.2)$$

мұндағы, h_p -қима биіктігі
 b -қиманың ені

Бас арқалықтардың ұзындығы: $6000 - 200\text{мм} \times 2 = 5600 \text{ мм}$,
 $9000 - 200\text{мм} \times 2 = 8600 \text{ мм}$

$$\frac{5600}{8} > h > \frac{5600}{15} = 375 < h < 700$$

Бас арқалықтың биіктігін 450 мм ретінде таңдаймыз.

Бас арқалықтың енін анықтаймыз:

$$b = (0,4 \div 0,5) \times 550 = 220 \div 275 \text{ мм} \rightarrow 250 \text{ мм қабылдаймыз}$$

Темірбетон аражабын тақтасының қалыңдығын 200 мм қабылдаймын.

2.1.1 Тұрақты жүктемелер

2.1 Кесте- 1м² – Жертөле еденіне түсетін нормативтік жүктемелер жинау

Жабын құрамы	Тығыздығы КН/ м ³	Қалыңдық, мм	Нормативті жүктемелер кН/м ²
Цементті-құмды ерітінді	21	0,1	2,1

2.2 Кесте – Аражабын тақтасына түсетін жүктемелерді жинау

Жүктеме түрі	Өлшем бірлігі	Сипаттамалық жүктеме
Тұрақты: Спорттық паркет $\delta=15 \text{ мм}, \rho=4,2 \text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,015 \cdot 4,2 = 0,063$
Фанера(қайың) $\delta=15 \text{ мм}, \rho=7,5 \text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,015 \cdot 7,5 = 0,113$
Гидрооқшаулағыш қабат $\delta=10 \text{ мм}, \rho=10 \text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,01 \cdot 10 = 0,1$
Арматурасы жоқ цементтік құймалы қабаты(стяжка) $\delta=60 \text{ мм}, \rho=24 \text{ кН/м}^3$	кН/м ²	$0,06 \cdot 24 = 1,44$
Барлығы:	кН/м ²	1,7

2.3 Кесте- 1м² - Төбежабынға нормативтік жүктемелер жинау

Жабын құрамы	Көлемдік салмағы 1м ³	Қалыңдық	Нормативті жүктемелер кН/м ²
Су оқшаулау қабаты (15-20см)	3,75	0,2	0,75
Минералды мақта $t=90 \text{ мм}$	0,5	0,9	0,45
Бу оқшаулау қабаты	0,7	0,6	0,42
Болатты профильденген настил панель	0,45	0,6	0,27

2.3 – кестенің жалғасы

Шатырдың өз салмағы	0,25+0,5+0,07=0,82	0,8	0,20
Толық мәні g			2.09

2.2 Кесте- Ішкі бөлгіш қабырға құрылымы

Жүктеме түрі	Өлшем бірлігі	Сипаттамалық жүктеме
Ішкі бөлгіш қабырғалар(t=120 мм)		
Газоблок $\delta=100$ мм, $h=4,6$ м ($\rho=6$ кН/м ³)	кН/м	$0,1 \cdot 4,6 \cdot 6 = 2,76$
Сылақ(штукатурка) $\delta=20$ мм, $h=4,6$ м ($\rho=18$ кН/м ³)	кН/м	$0,02 \cdot 4,6 \cdot 18 = 1,66$
Барлығы:	кН/м	4,42

2.3 Кесте- Сыртқы қоршағыш қабырға құрылымы

Жүктеме түрі	Өлшем бірлігі	Сипаттамалық жүктеме
Ішкі бөлгіш қабырғалар(t=380 мм)		
Газоблок $\delta=250$ мм, $h=21,07$ м ($\rho=6$ кН/м ³)	кН/м	31,6
Сылақ(штукатурка) $\delta=10$ мм, $h=21,07$ м ($\rho=18$ кН/м ³)	кН/м	3,79
Минералды мақта $\delta=100$ мм, $h=21,07$ м ($\rho=1$ кН/м ³)	кН/м	2,12
Қасбеттік қаптау $\delta=20$ мм, $h=21,07$ м ($\rho=27$ кН/м ³)	кН/м	11,37
Барлығы:	кН/м	48,8

2.4 Кесте-Топырақтан түсетін қысымның сипаттамасы


Топырақтан түсетін горизонтальды қысым	Сипаттамасы
Құмды топырақ	$E = 2000$ т/м ²
	$\gamma = 1,5$ т/м ³
	$\varphi = 40$ град.
	$c = 0$
Есеп	
Белгідегі жердегі белсенді қысымның көлденең қарқындылығы -	
Еденге қатысты жердің деңгейі -0.400	
$\sigma_r = \gamma H \lambda_r = \gamma H \cdot tg^2 \left(45 - \frac{\varphi}{2} \right) = 1,5 \cdot 2,7 \cdot tg^2 \left(45 - \frac{40}{2} \right) = 0,89 \text{ т/м}^2 = 8,9 \text{ кН/м}^2$	

2.1.2 Төбежабынға түсетін уақытша жүктемелер

Төбежабынға/аражабынға түсетін уақытша жүктеме. ҚР EN 1991-1-1:2002 «Көтергіш конструкцияларға әсерлер» нормативтік құжат 6.2-кесте бойынша ғимаратты қолдану категориясы-С4(адамдар белсенді қозғалыс жасайтын орындар: би залы, жаттығу залдары) сәйкес уақытша жүктеме мәні ҚР EN 1991-1-1:2002 «Көтергіш конструкцияларға әсерлер» нормативтік құжат 6.2-кесте бойынша уақытша жүктеме мәні 5 кН/м^2 . С4-категориясы бірінші және екінші қабатқа беріледі. Үшінші қабаттың қолданылу мақсатына қарай С5-категориясы(адамдар көп болуы мүмкін бөлмелер, мысалы, қоғамдық іс-шаралар өткізілетін ғимараттарда, концерт залдары, спорт залдары және трибуналар сияқты, террастар мен перрондар) қабылданды. ҚР EN 1991-1-1:2002 «Көтергіш конструкцияларға әсерлер» нормативтік құжат 6.2-кесте бойынша уақытша жүктеме мәні $7,5 \text{ кН/м}^2$.

2.1.3 Қар жүктемесін анықтау

Төбежабын пішіні - екі жағы құламалы, қардың жиналу мүмкіндігі жоқ, жабыннан қардың кедергісіз сырғанайтын жағдайында ҚР НТҚ 01-01-3.1(4.1)-2017 5.2- кестесінде берілген коэффициенттер қабылдануы қажет.



2 Сурет- Екі жағы құламалы жабындардың қар жүктемелерінің коэффициенттері

Мүмкін есептік жағдайлар:

-тұрақты/өтпелі жағдайлар

-апаттық есептік жағдайлар

Жабынға қар жүктемелері келесі түрде анықталады (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім. Қар жүктемелері» бойынша 4.7[4.8] формула):

$$s = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k \quad (2.3)$$

$\mu_i = 0.8$ (екі жақты шатырдың горизонтқа қатысты көлбеу бұрышы $0^\circ < \alpha < 30^\circ$ болса)- төбежабын формасына байланысты коэффициент (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім. Қар жүктемелері. 1-4 бөлім. Жел жүктемелері» 5.2 кесте).

$C_e = 1,0$ -қоршаған орта коэффициенті, қалыпты жағдай үшін (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім. Қар жүктемелері.» 5.1[5.1]-кестесі)

$C_t = 1,0$ - жылу коэффициенті (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім. Қар жүктемелері.» 5.2.7 [5.2.(8)] C_t жылу коэффициентін жылу беруі жоғары ($>1 \text{ Вт/м}^2\text{К}$) жабынның қар жүктемелерін төмендету үшін пайдалану қажет, әсіресе, шыны шатырларға, себебі жылу берудің негізінен қардың еруі туындайды. Барлық басқа жағдайларда $C_t = 1,0$.)

$s_k = 1,2 \text{ кПа}$ - топыраққа қар жүктемелерінің сипаттамалық мәні (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім. Қар жүктемелері.» В-қосымшасы ,бірінші карта) Түркістан қаласы(II зона).

1) Тұрақты/өтпелі есептік жағдайлар

Жабынға есептік есептік қар жүктемесі: $s = \mu_i \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,2 = 1,2\mu_i$
i-жағдайы. Үйіндіні есепке алмаған қар жүктемелерін бөлу схемасы:
 $\mu_1(\alpha_1) = 0,8$;

$$s_1(\alpha_1) = 0,8 \cdot 1,2 = 0,96 \text{ кПа}$$

ii-жағдайы. Үйіндіні есепке алғандағы қар жүктемелерін бөлу схемасы:
 $0,5\mu_1(\alpha_1) = 0,5 \cdot 0,8 = 0,4$; $\mu_1(\alpha_2) = 0,8$

$$s_1(\alpha_1) = 0,4 \cdot 1,2 = 0,48 \text{ кПа}; \quad s_i(\alpha_2) = 0,8 \cdot 1,2 = 0,96 \text{ кПа}$$

iii-жағдайы. Үйіндіні есепке алғандағы қар жүктемелерін бөлу схемасы:
 $\mu_1(\alpha_1) = 0,8$;

$$s_1(\alpha_1) = 0,8 \cdot 1,2 = 0,96 \text{ кПа}$$

1) Апаттық есептік жағдайлар

Топыраққа төтенше қар жүктемесі $s_k = 2,4 \text{ кПа}$

Жабынға есептік есептік қар жүктемесі: $s = \mu_i \cdot 1 \cdot 1 \cdot 2,4 = 2,4\mu_i$
i-жағдайы. Үйіндіні есепке алмаған қар жүктемелерін бөлу схемасы:
 $\mu_1(\alpha_1) = 0,8$;

$$s_1(\alpha_1) = 0,8 \cdot 2,4 = 1,92 \text{ кПа}$$

ii-жағдайы. Үйіндіні есепке алғандағы қар жүктемелерін бөлу схемасы:
 $0,5\mu_1(\alpha_1) = 0,5 \cdot 0,8 = 0,4$; $\mu_1(\alpha_2) = 0,8$

$$s_1(\alpha_1) = 0,4 \cdot 2,4 = 0,96 \text{ кПа}; \quad s_1(\alpha_2) = 0,8 \cdot 2,4 = 1,92 \text{ кПа}$$

iii-жағдайы. Үйіндіні есепке алғандағы қар жүктемелерін бөлу схемасы:
 $\mu_1(\alpha_1)=0,8$;

$$s_1(\alpha_1) = 0,8 \cdot 2,4 = 1,92 \text{ кПа}$$

2.1.4 Сейсмикалық жүктеме

Құрылыс орны: Түркістан қаласы

Сейсмикалылығы – 7балл

Ғимараттар мен құрылыстардың мақсаты бойынша жауапкершілік класы: “СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” 7.2-кесте бойынша III классқа(ұзақ уақыт бойы адамдар жиналатын, сейсмикаға төзімділігі қоғам үшін маңызды болып саналатын ғимараттар) жатады.

Ғимараттардың қабаттылығы бойынша жауапкершілік класы: “СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” 7.3-кесте бойынша II класқа(қабат саны 3-5) жатады.

Сейсмикалық күштер үшін түзету коэффициенті: “СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” 7.4-кесте бойынша келесі формуламен анықталады:

1)Көлденең бағытта:

$$\gamma_{1h} = 1.25 + 0.045 \cdot (n - 5) = 1.25 + 0.045 \cdot (9 - 5) = 1.16$$

2)Тік бағытта:

$$\gamma_{1h} = 1.25 + 0.02 \cdot (n - 5) = 1.25 + 0.02 \cdot (9 - 5) = 1.21$$

Үдеу: 1,14 м/с² (“СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” Е қосымшасынан алынған мәннің g мәніне көбейтіндісіне тең).

Топырақ типі: III (“СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” Кесте 6.1 - сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының түрлері)

Спектр типі: I

Жай-күй коэффициенті: 4.0 (“СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” 7.8-кесте- биіктігі тұрақты ғимараттар үшін жай-күй коэффициентінің мәндері кестесінен рамалық ғимараттар, бағандар мен тіректердің барлық қатты түйіспелері бар кеңістіктік рамалары бар ғимараттар үшін)

Аймақ факторы(фактор региона): әр түрлі елдердегі сейсмикалық әсердің ерекшелігін ескереді, әдетте 1-ге тең;

Үдеу спектрінің төменгі шекара факторы: (“СП РК 2.03-30-2017 – Сейсмика” нормативі бойынша 0.2-ге тең (158-бет)).

Негізгі координаттар жүйесіндегі сейсмикалық әсердің бағыттаушы косинустары $CX=1$

2.2 Лира САПР 2016 бағдарламалық кешенінде есептеу жүргізу

«Түркістан қаласындағы балалардене шынықтыру-сауықтыру кешенінің»
Лира САПР 2016 бағдарламасында орындалған есептеу нәтижелері.

Ғимараттың өлшемдері 24x48 м

Жертөле биіктігі – 2,8 м

Бірінші қабат биіктігі – 4,8 м

Екінші қабат биіктігі – 4,8 м


Үшінші қабат биіктігі – 9,6 м

Ұстындардың өлшемі – 400x400 мм

Аражабын тақталарының өлшемдері – 200 мм

Арқалықтардың өлшемі – 250x450(h)мм

Іргетас қалыңдығы – 800 мм



2.1 Сурет – Ғимарат сұлбасы

Жеке коэффициенттер әдісімен комбинациялар жасау:

$\gamma_{G,j}$ -тұрақты жүктемеге арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті. ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Күш түсетін конструкцияларды жобалау негіздері» бойынша А1.2(В)кестесінен қабылданады(STR- элементті беріктікке тексеру). $\gamma_{G,j}=1,35$.

$\gamma_{Q,1}$ --уақытша жүктемеге арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті. ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 «Күш түсетін конструкцияларды жобалау


негіздері» бойынша А1.2(В)кестесінен қабылданады(STR- элементті беріктікке тексеру). $\gamma_{Q,1}=1,5$.

$\psi_0=0,7$, $\psi_1=0,5$, $\psi_2=0,2$ – үйлесімділік коэффициенті (ҚР ЕЖ EN 1991-1-3:2003/2011 «Ғимараттарға әсер ету және жүктемелер: 1-3 бөлім.Қар жүктемелері.» бойынша ҚР аймағындағы қар жүктемесіне арналған мәні 4.1 [4.1] кестеден)

$\xi=0,85$ редукция коэффициенті. ҚР ҚН EN 1990:2002+А1:2005/2011 «Күш түсетін конструкцияларды жобалау негіздері» бойынша А1.2(В)кестесінен қабылданады(STR- элементті беріктікке тексеру).

ҚР ҚН EN 1990:2002+А1:2005/2011 «Күш түсетін конструкцияларды жобалау негіздері» 6.10а-Формула:


$$\sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_p P + \gamma_{Q,1} \psi_{0,1} Q_{k,1} + \sum_{j \geq 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,3+2} \quad (2.4)$$




2.2 сурет - Үйлесім 6.10а

ҚР ҚН EN 1990:2002+А1:2005/2011 «Күш түсетін конструкцияларды жобалау негіздері» 6.10b-Формула:

$$\sum_{j \geq 1} \xi_i \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_p P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum_{j \geq 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,3+2} \quad (2.5)$$



2.3 Сурет - Үйлесім 6.10b(1)




2.4 Сурет - Үйлесім 6.10b(2)

2.5 Кесте-Есептік жүктемелер үйлесімдері бойынша коэффициенттер

№ РСН	Ғимараттың меншікті сап	Еден құрылысы	Қабырға құрылысы	Топырақ қысымы	С4 категорияс	С5 жүктемесі	Қар жүктемесі	X бағ. сейсмика	Y бағ. сейсмика	Z бағ. сейсмика
Жеке қ.к.	1.0	1.0	1.0	1.0	1.0	1.0	1.0	1.0	1.0	1.0
1	1.35	1.35	1.35	1.35	0.0	0.0	0.0	0.0	0.0	0.0
2	1.15	1.15	1.15	1.15	1.5	1.05	1.05	0.0	0.0	0.0
3	1.15	1.15	1.15	1.15	1.05	1.5	0.0	0.0	0.0	0.0
4	1.15	1.15	1.15	1.15	1.05	1.05	1.5	0.0	0.0	0.0
5	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	1.0	0.0	0.0
6	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	1.0	0.3	0.3
7	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	1.0	-0.3	0.3
8	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	1.0	0.3	-0.3
9	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	1.0	-0.3	-0.3
10	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-1.0	0.0	0.0
11	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-1.0	0.3	0.3
12	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-1.0	-0.3	0.3
13	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-1.0	0.3	-0.3
14	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-1.0	-0.3	-0.3
15	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.0	1	0.0
16	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.3	1	0.3
17	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-0.3	1	0.3
18	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.3	1	-0.3
19	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-0.3	1	-0.3
20	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.0	-1	0.0
21	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.3	-1	0.3
22	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-0.3	-1	0.3
23	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.3	-1	-0.3
24	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-0.3	-1	-0.3
25	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.0	0.0	1
26	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.3	0.3	1
27	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-0.3	0.3	1
28	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.3	-0.3	1
29	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-0.3	-0.3	1
30	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.0	0.0	-1
31	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.3	0.3	-1
32	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-0.3	0.3	-1
33	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.3	-0.3	-1
34	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	-0.3	-0.3	-1
35	1.0	1.0	1.0	1.0	0.6	0.6	0.2	0.0	0.0	0.0

2.3 Арқалықтың есебі



2.5 Сурет – Арқалықтың ішкі күштері

Арматураның қорғаныш қабаты ең кемінді $c_{min,dur}$ ретінде қабылданады. ҚР ЕЖ EN 1992 [4.4 кестеден] конструкцияның класы-4: ғимараттар мен басқа да қарапайым имараттар үшін, 50 жыл қолданылады және қоршаған ортаға байланысты ғимарат классы-ХС3: орташа ылғалды болғандықтан $c_{min,dur} = 25$ мм.

Бетон классының сипаттамалық кедергісі С 25/30 осьтік бойынша қысу $f_{ck} = 20$ МПа. Бетон үшін ішінара қауіпсіздік коэффициенті $\gamma_c = 1,5$. Бетонның осьтік сығуға беріктігі: $f_{cd} = 14,16$ МПа.

$$f_{cd} = 0.85 \cdot \frac{25}{1.5} = 14,16 \text{ МПа}$$

Ригельдің жұмыстық арматурасының сипаттамалық кедергісі S500 қосылу созылу $f_{yk} = 400$ МПа. Жұмыс арматурасының жобалық кедергісі бойынша созылу: $f_{yd} = 435$ МПа.

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{400}{1,15} \approx 348 \text{ МПа}$$

Көлденең арматураның сипаттамалық созылу беріктігі $f_{y\omega} = 240 \text{ МПа}$.
Көлденең арматураның есептік кедергісі бойынша созылу: $f_{yd} = 167 \text{ МПа}$.

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{240}{1,15} \approx 208,7 \text{ МПа}$$

Тиімді қима ені: $b_{eff} = 250 \text{ мм}$

Жұмыс бөлігінің биіктігі: $d = h - c_1 = 450 - 50 = 400$

2.3.1 Бойлық арматураны есептеу

1) Шеткі аралықты қарастырамыз:

Есептейміз: $M_{ed,max} = 159 \text{ кНм}$; $M_{ed,max} = M_{ed,s}$

Есептейміз: $M_{ed,s} = M_{ed,s} - N_{ed} \cdot z_{c1} = 159 \text{ кНм}$

Бойлық арматураны таңдау (өлшемсіз коэффициенттерді пайдалана отырып, бір арматурасы бар тікбұрышты қиманың иілген элементтерінің көтергіштігін анықтау үшін В қосымшасының В.1 кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Коэффициенттің мәнін анықтаймыз:

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{159 \cdot 10^6}{14,16 \cdot 250 \cdot 400^2} = 0,28 < \alpha_{Eds,lim} = 0,372$$

Созылған арматураның қажетті ауданы мына формула анықталады:

$$A_{s1} = \frac{1}{f_{yd}} \cdot (\omega_1 \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{348} \cdot (0,2613 \cdot 250 \cdot 400 \cdot 14,16 + 0) \\ = 1063,22 \text{ мм}^2$$

$$\omega_1 = 0,2613$$

Қабылдаймыз: саны-2, $d=22 \text{ мм}$ $A_{s1} = 760 \text{ мм}^2 + A_{s1} = 628 \text{ мм}^2$ саны-2, $d=20 \text{ мм}$.

$\alpha_{Eds,lim}$ шекті мәннен аз болғандықтан, конструктивті түрде үстіңгі бойлық арматура қабылдаймыз $A_{s2} = 226 \text{ мм}^2$, класс-S400, саны-2, $d=12 \text{ мм}$.

2) Ортаңғы аралықты қарастырамыз:

Есептейміз: $M_{ed,max} = 122 \text{ кНм}$; $M_{ed,max} = M_{ed,s}$

Есептейміз: $M_{ed,s} = M_{ed,s} - N_{ed} \cdot z_{c1} = 122 \text{ кНм}$

Коэффициенттің мәнін анықтаңыз

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{122 \cdot 10^6}{14,16 \cdot 250 \cdot 400^2} = 0,215 < \alpha_{Eds,lim} = 0,372$$

Созылған арматураның қажетті ауданы мына формула анықталады:

$$A_{s1} = \frac{1}{f_{yd}} \cdot (\omega_1 \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{348} \cdot (0,2327 \cdot 250 \cdot 400 \cdot 14,16 + 0) \\ = 946,85 \text{ мм}^2$$

$$\omega_1 = 0,2327$$

Қабылдаймыз: $A_{s1} = 1232 \text{ мм}^2$, класс-S400, саны-2, d=28 мм.

$\alpha_{Eds,lim}$ шекті мәннен аз болғандықтан, конструктивті түрде үстіңгі бойлық арматура қабылдаймыз $A_{s2} = 226 \text{ мм}^2$, класс-S400, саны-2, d=12 мм.

3)Тіректерді қарастырамыз:

Есептейміз: $M_{ed,max} = 159 \text{ кНм}$; $M_{ed,max} = M_{ed,s}$

Есептейміз: $M_{ed,s} = M_{ed,s} - N_{ed} \cdot z_{c1} = 159 \text{ кНм}$

Бойлық арматураны таңдау (өлшемсіз коэффициенттерді пайдалана отырып, бір арматурасы бар тікбұрышты қиманың иілген элементтерінің көтергіштігін анықтау үшін В қосымшасының В.1 кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Коэффициенттің мәнін анықтаймыз:

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{159 \cdot 10^6}{14,16 \cdot 250 \cdot 400^2} = 0,28 < \alpha_{Eds,lim} = 0,372$$

Созылған арматураның қажетті ауданы мына формула анықталады:

$$A_{s1} = \frac{1}{f_{yd}} \cdot (\omega_1 \cdot b \cdot d \cdot f_{cd} + N_{Ed}) = \frac{1}{348} \cdot (0,2613 \cdot 250 \cdot 400 \cdot 14,16 + 0) \\ = 1063,22 \text{ мм}^2$$

$$\omega_1 = 0,2613$$

Қабылдаймыз: саны-2,d=22мм $A_{s1} = 760 \text{ мм}^2 + A_{s1} = 628 \text{ мм}^2$ саны-2, d=20 мм.

$\alpha_{Eds,lim}$ шекті мәннен аз болғандықтан, конструктивті түрде үстіңгі бойлық арматура қабылдаймыз $A_{s2} = 226 \text{ мм}^2$, класс-S400, саны-2, d=12 мм.

2.3.2 Көлденең арматураны есептеу

Бетон классы C25/30

Арматура классы S240

Бойлық арматураның ауданы: $A_{s1} = 1520 \text{ мм}^2$

Көлденең арматураны анықтайық:

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{500}} = 1,63$$

$$p_1 = \frac{A_{s1}}{b_w \cdot d} = \frac{1520}{250 \cdot 400} = 0,015 \leq 0,02$$

Есептеуді көлденең арматураны орнатуды қажет ететін тірек аймағының учаскелерінің ұзындығын анықтаудан бастаймыз. Осы мақсатта V_{Rd} минималды күшін анықтаймыз. Формула бойынша көлденең арматурасыз темірбетон элементімен қабылданады.

Бетон бойынша қабылдай алатын көлденең күшті анықтау:

$$V_{Rd,c} = \left[\left(\frac{0,18}{\gamma_c} \right) \cdot k \cdot (100 p_1 f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right] b_w d \quad (2.6)$$

Мұндағы, $V_{Rd,c}$ - көлденең арматурасы жоқ темірбетонды элемент қабылдайтын есептік көлденең күш. Бұл шама $V_{Rd,min}$ -нан аз болмауы керек.

$$V_{Rd,min} = \left[0,035 k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}} \right] b_w d \quad (2.7)$$

$d = 450 - 50 = 400$ мм (қиманың жұмыстық биіктігі)

$$V_{Rd,min} = \left[0,035 \cdot 1,63^{\frac{3}{2}} \cdot 14,16^{\frac{1}{2}} \right] 250 \cdot 400 = 30,72 \text{ кН}$$

$$V_{Rd,c} = \left[\left(\frac{0,18}{1,5} \right) \cdot 1,63 \cdot (100 \cdot 0,016 \cdot 348)^{\frac{1}{3}} \right] 250 \cdot 400 = 187,9 \text{ кН}$$

$$V_{Rd,c} = 187,9 \text{ кН} > V_{Rd,min} = 30,72 \text{ кН}$$

Қарастырылып отырған тірек аймағында $V_{Rd,c} = 187,9$ кН кіші $V_{Ed} = 199,0$ кН, яғни, көлденең арматура қою қажет.

1) Бірінші есептік қиманы тіректен $d_z = 450$ мм қашықтықта тағайындаймыз.

Белгіленген қашықтықтағы көлденең күштің мәні: $V_{Ed} = 199$ кН.
 Жарықтардың горизонтальға көлбеу бұрышын $\theta = 40^\circ$ қабылдаймыз.
 Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз: 100 мм.
 Көлденең арматураның қажетті ауданы:

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{d_z \cdot f_{sw} \cdot \cot \theta} = \frac{199 \cdot 10^3 \cdot 100}{450 \cdot 167 \cdot \cot 40^\circ} = 222,52 \text{ мм}^2$$

мұндағы, $f_{sw} = f_{ywd} = 167$ Н/мм²-әсердің қимада бірқалыпты таралмауын ескере отырып есептелген көлденең арматураның есептік кедергісі (S240 үшін).

Қабылдаймыз: $A_{sw} = 251$ мм², класс-S240, саны-5, d=8 мм.

Шарттың орындалуын тексеру үшін ϑ коэффициентін табамыз:

$$\vartheta = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right) = 0,6 \left(1 - \frac{20}{250} \right) = 0,55$$

мұндағы, ϑ -созылу жағдайында бетонның сығылу беріктігінің төмендеуін ескеретін коэффициент.

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{251 \cdot 167}{250 \cdot 100} = 1,68 \text{ МПа}$$

$$0,5 \cdot \vartheta \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,55 \cdot 14,16 = 3,12 \text{ МПа}$$

1,68 кіші 3,12-ден, шарт орындалды.

2)Екінші есептік қиманы тіректен $d_z = \frac{L}{3} = 2000$ мм қашықтықта тағайындаймыз.

Белгіленген қашықтықтағы көлденең күштің мәні: $V_{Ed} = 125,82$ кН.
 Жарықтардың горизонтальға көлбеу бұрышын $\theta = 40^\circ$ қабылдаймыз.
 Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз: 200 мм.
 Көлденең арматураның қажетті ауданы:

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{d_z \cdot f_{sw} \cdot \cot \theta} = \frac{125,82 \cdot 10^3 \cdot 200}{2000 \cdot 167 \cdot \cot 40^\circ} = 63,34 \text{ мм}^2$$

мұндағы, $f_{sw} = f_{ywd} = 167$ Н/мм²-әсердің қимада бірқалыпты таралмауын ескере отырып есептелген көлденең арматураның есептік кедергісі.

Қабылдаймыз: $A_{sw} = 170$ мм², класс-S240, саны-6, d=6 мм.

Шарттың орындалуын тексеру үшін ϑ коэффициентін табамыз:

$$\vartheta = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right) = 0,6 \left(1 - \frac{20}{250} \right) = 0,55$$

мұндағы, ϑ -созылу жағдайында бетонның сығылу беріктігінің төмендеуін ескеретін коэффициент.

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{170 \cdot 167}{250 \cdot 200} = 0,57 \text{ МПа}$$

$$0,5 \cdot \vartheta \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,55 \cdot 14,16 = 3,12 \text{ МПа}$$

0,57 кіші 3,12-ден, шарт орындалды.

3) Үшінші есептік қиманы тіректең $d_z = \frac{L}{6} = 1100 \text{ мм}$ қашықтықта тағайындаймыз.

Белгіленген қашықтықтағы көлденең күштің мәні: $V_{Ed} = 144 \text{ кН}$.

Жарықтардың горизонтальға көлбеу бұрышын $\theta = 40^\circ$ қабылдаймыз.

Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз: 150 мм.

Көлденең арматураның қажетті ауданы:

$$A_{sw} = \frac{V_{Ed} \cdot s}{d_z \cdot f_{sw} \cdot \cot \theta} = \frac{144 \cdot 10^3 \cdot 150}{1100 \cdot 167 \cdot \cot 40^\circ} = 98,81 \text{ мм}^2$$

мұндағы, $f_{sw} = f_{ywd} = 167 \text{ Н/мм}^2$ -әсердің қимада бірқалыпты таралмауын ескере отырып есептелген көлденең арматураның есептік кедергісі.

Қабылдаймыз: $A_{sw} = 170 \text{ мм}^2$, класс-S240, саны-6, $d=6 \text{ мм}$.

Шарттың орындалуын тексеру үшін ϑ коэффициентін табамыз:

$$\vartheta = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right) = 0,6 \left(1 - \frac{20}{250} \right) = 0,55$$

мұндағы, ϑ -созылу жағдайында бетонның сығылу беріктігінің төмендеуін ескеретін коэффициент.

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{170 \cdot 167}{250 \cdot 150} = 0,76 \text{ МПа}$$

$$0,5 \cdot \vartheta \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,55 \cdot 14,16 = 3,12 \text{ МПа}$$

0,76 кіші 3,12-ден, шарт орындалды.

2.3.3 Теориялық үзіліс орынын анықтау

Ригель екі дәнекерленген қаңқамен арматураланады, қаңқалардың бойлық өзектерінің бір бөлігі моменттердің айналма сызбасының өзгеруіне сәйкес және арматура сызбасы бойынша үзіледі.

Есептеу қималарында қабылданатын иілу моменттерін нақты қабылданған арматура бойынша анықтаймыз:

